

Жеміс, көкөніс және жанғақтарды қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/44 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9459 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Жеміс, көкөніс және жанғақтарды қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.

2. Қайта өңдеу және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті (А.Б. Құсайынова) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.

3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А.Мамытбеков

Келісілген

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрі

Т. Дүйсенова _____

2014 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 21 қаңтардағы
№ 20/44 бұйрығымен
бекітілген

Жеміс, көкөніс және жаңғақтарды қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарт

1. Жалпы ережелер

1. Жеміс, көкөніс және жаңғақтарды қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі;
- 2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;
- 3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;
- 4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;
- 5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттілікпен құрылған кәсіби қызмет саласындағы құрамдас бөлік;
- 6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;
- 7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграцияланған негізі (ұқсас және жуық мәндер, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) және еңбек функцияларының ұқсас жиынтығын және оларды орындау үшін құзыреттілікті көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;
- 8) КС – нақты кәсіби қызмет саласындағы еңбек сапасы мен жағдайы, біліктілігі, құзыреттілігі, мазмұны деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;
- 9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, тиісінше автономды және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;
- 10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
- 11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;
- 12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;
- 13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – әр түрлі кәсіби қызметтер саласының шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын еңбек қызметінің түрінің еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 10.32 Жемістер мен көкөніс шырындары. 10.31 Өңделген және консервіленген картоп. 10.39 Өңделген консервіленген басқа жемістер мен көкөністер.

6. Экономикалық қызмет түрінің (кәсіби қызмет саласының) негізгі мақсаты: адам өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға арналған азық-түлік өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру

КС жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу жөніндегі кәсіби қызметі саласында еңбек заттарына, сапасына, жағдайына, қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

азық-түлік өнімін басушы-сығушы;

қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы;

көкөністерді тұздаушы;

консервілеу өнімдерін салушы-құюшы;

көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы;

сублимациялық қондырғы аппаратшысы;

қайнатушы

3. Еңбек қызмет (кәсіп) түрлерінің карточкалары

1-параграф. Азық-түлік өнімін басушы-сығушы

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі - 1-3.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: азық-түлік өнімін басушы-сығушы.

10. "Азық-түлік өнімін басушы-сығушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: тағам өнімін сусыздандыру технологиялық үдерісін жүргізу.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Азық-түлік өнімін басушы-сығушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Азық-түлік өнімін басушы-сығушы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Азық-түлік өнімін басушы-сығушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Азық-түлік өнімін басушы-сығушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

2-параграф. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы.

18. "Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қызанақ шырынын өндіру үрдісін жүргізу.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген

20. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

3-параграф. Көкөністерді тұздаушы

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: көкөністерді тұздаушы.

26. "Көкөністерді тұздаушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: көкөністерді тұздау.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Көкөністерді тұздаушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Көкөністерді тұздаушы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Көкөністерді тұздаушысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Көкөністерді тұздаушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

4-параграф. Консервілеу өнімдерін салушы-құюшы

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 1-3.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: консервілеу өнімдерін салушы-құюшы.

34. "Консервілеу өнімдерін салушы-құюшы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жартылай фабрикаттарды қолмен салу.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Консервілеу өнімдерін салушы-құюшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Консервілеу өнімдерін салушы-құюшы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Консервілеу өнімдерін салушы-құюшы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Консервілеу өнімдерін салушы-құюшының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

5-параграф. Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы.

42. "Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: күкірт газымен немесе күкірт қышқылымен шәрбатты, шырынды, суды және басқа жартылай фабрикаларды өңдеу (тазарту) үрдістерін жүргізу.

43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысының еңбек шарттарына, білімі және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

6-параграф. Сублимациялық қондырғы аппаратшысы

48. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

49. Лауазымның мүмкін атаулары: сублимациялық қондырғы аппаратшысы.

50. "Сублимациялық қондырғы аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: сублимациялық кептірудің технологиялық үрдісін жүргізу.

51. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

52. Сублимациялық қондырғы аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

53. Сублимациялық қондырғы аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

54. Сублимациялық қондырғы аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

55. Сублимациялық қондырғы аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

7-параграф. Қайнатушы

56. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

57. Лауазымның мүмкін атаулары: қайнатушы.

58. "Қайнатушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қызанақ шырыны агрегатында өнімдерді өндіру үрдісін жүргізу.

59. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

60. Қайнатушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

61. Қайнатушы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

62. Қайнатушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

63. Қайнатушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

4. КС әзірлеушілері

64. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

65. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 9-қосымшасында көрсетілген.

Жеміс, көкөніс және жаңғақтарды
қайта өңдеу бойынша қызметтегі
кәсіби стандартының
1-қосымшасы

Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/ с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеушісіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Азық-түлік өнімін басушы-сығушы	Азық-түлік өнімін басушы-сығушы	1-3

2.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы	Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы	3
3.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Көкөністерді тұздаушы	Көкөністерді тұздаушы	2-3
4.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Консервілеу өнімдерін салушы-құюшы	Консервілеу өнімдерін салушы-құюшы	1-3
5.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы	Көкөністер мен жемістерді сульфиттеу аппаратшысы	2-3
6.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Сублимациялық қондырғы аппаратшысы	Сублимациялық қондырғы аппаратшысы	2-3
7.	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу	Қайнатушы	Қайнатушы	2-3

Жеміс, көкөніс және жаңғақтарды қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8275 Азық-түлік өнімін басушы-сығушы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	48-шығарылым, Азық-түлік өнімі өндірістерінің жалпы кәсіптері
БТБА бойынша кәсібі	Азық-түлік өнімін басушы-сығушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
1	1
2	2
3	3-5

2-кесте. Азық-түлік өнімін басушы-сығушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Цех, өндіріс, комбинат, фабрика, зауыт
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Бірқатар тыныс алу органдары және тері асты жасымықшалары ауруларының дамуы, жүйке-бұлық ет аппаратына түсетін жоғары жүктеме, шудың жоғары деңгейде болуы, жоғары әлсіздік
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі
	Қажетті еңбек тәжірибесі

1	Практикалық тәжірибе және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді оқу (нұсқаулық) және/немесе бастауыш білімнен төмен емес негізгі орта білімі болған жағдайда қысқа мерзімді курстар	Талап етілмейді
2	Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2-деңгейде кем дегенде 1 жыл

3-кесте. Азық-түлік өнімін басушы-сығушы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Айналатын конуста цитрусты жемістерден шырынды сығу, шырынның толық алынуын және ағуын қадағалау, қалдықтарды жою және айналатын конкусты жуу және сүрту; түрлі жүйедегі баспақтарда ылғалды сығу әдісімен азық-түлік өнімін сорғытудың технологиялық үрдісін жүргізу, шикізатты баспаққа тасымалдаушы құралдармен беру; бастапқы ылғалдылыққа байланысты азық-түлік өнімін сығуды аяқтау уақытын анықтау
2	Құрғатылған өнімді түсіру, түрлі жүйедегі қол баспақтарда шырынды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу; ұсақталған қоспаны жинау және баспақты қолмен түсіру, қоспаны баспақтау; қоспаны баспақтау үрдісінде араластыру, қолмен баспақты түсіру; шырынды, сорпаны ыдысқа ағызу, жабдықты іске қосу мен тоқтату, оның жұмысында ақауларды жою, қызмет көрсетілетін баспақтарды тазарту, жуу мен майлау; бастапқы ылғалдылық пен өнім сортына байланысты өнімді сығуды аяқтау уақытын белгілеу; шырын мен ерітінділерді ыдысқа айдап ағызу, сүзгілеу матасын тазарту; тетіктер жұмысын және сынама қорытындылары бойынша алынған өнім сапасын бақылау, дайын азық-түлік өнімінің сынамасын іріктеу
3	Мерзімді әрекет ететін түрлі жүйелердегі баспақтарда азық-түлік шикізатынан майды немесе тоң майды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу; шикізатты белгіленген нормаларға дейін қыздыру мен ылғалдату, оны баспақтарға тең мөлшерде беру және кейінгі операциялар; бақылау-өлшеу аспаптарының қорытындылары бойынша және көзбен шолып, баспақтардың (баспақтау жылдамдығы), бөлу шнектерінің, тасымалдау құрылғыларының жұмысын бақылау, майды берудің және жомда майдың болуының белгіленген нормаларын қамтамасыз ету; азық-түлік өнімінің сынамаларын іріктеу, қысымды, өнімнің майлануына байланысты температураны, сығу уақытын реттеу; қызмет көрсету жабдығын іске қосу мен тоқтату және жұмыста оның ақауларын жою, мерзімді әрекет ететін баспақтарда шырынды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу
4	Түрлі жүйедегі және құрылымдағы мерзімді әрекет ететін баспақтарда майлы тұқымдардан жомды және жоғары сапалы майды алудың технологиялық үрдісін жүргізу; баспақтардың тең мөлшерде түсуін қамтамасыз ету, қызмет көрсетілетін баспақтың жұмысын жөндеу және іске қосу; баспақтауға түсетін шикізатты ұсақтау, ылғалдау, қуыру дәрежесін, май мен жом сапасын және сыртқы түрін бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштері бойынша қадағалау; химиялық талдаулар және органолептикалық қорытындылар бойынша жомда май құрамын, май сапасын бақылау, майды алдын ала тазартуға және одан әрі өңдеуге беру; қызмет көрсету жабдығының жұмыс режимін реттеу, престоудің технологиялық режимінен ауытқуларды ескерту және пресс жұмысында бұзушылықтарды жою; қосу ленталары бар үздіксіз әрекет

ететін жоғары өнім беруші баспақтарда басқару пультінен шырынды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу

4-кесте. Азық-түлік өнімін басушы-сығушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Тұқымдар, шырындар, цитрус тұқымдары, шырындырдың ағуы	Сыққыш аппарат, қолғап, халат, айналмалы конус	1-1) Сығу аппаратына жемісті қосу, айналатын конуста цитрусты жемістерден шырынды сығу 1-2) Шырынның толық алынуын және ағуын қадағалау, сығу аппаратын реттеу, айналмалы конусты жуу, сұрту
2	Азық-түлік өнімі, шикізат, құрғатылған өнім, баспақ, тұқымдар, шырын, сорпа, жабдық, сыққыш аппарат, сүзгілеу матасы, азық-түлік	Тасымалдау құралы, түрлі жүйедегі баспақтар, сағат, сыққыш аппарат, арба, қолғап, халат, араластыруға арналған аспаптар, сыққыш аппарат, ыдыс, жабдық, пульт, жууға арналған құралдар, шүберек	2-1) Түрлі жүйедегі баспақтарда ылғалды сығу әдісімен азық-түлік өнімін сорғытудың технологиялық үрдісін жүргізу, шикізатты баспаққа тасымалдаушы құралдармен беру; бастапқы ылғалдылыққа байланысты азық-түлік өнімін сығуды аяқтау уақытын анықтау 2-2) Құрғатылған өнімді түсіру, түрлі жүйедегі қол баспақтарда шырынды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу; ұсақталған қоспаны жинау және баспақты қолмен түсіру, қоспаны баспақтау; қоспаны баспақтау үрдісінде араластыру, қолмен баспақты түсіру; шырынды, сорпаны ыдысқа ағызу, жабдықты іске қосу мен тоқтату, оның жұмысында ақауларды жою 2-3) Мерзімді әрекет ететін түрлі құрылым баспақтарда азық-түлік шикізаты мен өнімдерінен шырынды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу, бастапқы ылғалдылық пен өнім сортына байланысты өнімді сығуды аяқтау уақытын белгілеу, шырындар мен ерітінділерді ыдысқа ағызу, сүзгілеу матасын тазарту, тетіктер жұмысын және сынама қорытындылары бойынша алынған өнім сапасын бақылау
3	Май, жом, шикізат, баспақ, шнек, тасымалдау құралы, май, жомдағы май, азық-түлік өнімі, майлы өнім,	Түрлі жүйедегі баспақтар, нормалар, шнек, бақылау-өлшеу аспаптары, азық-түлік өнімінің сынамалары, жәшік, бак, термометр	3-1) Май мен тоң майды азық-түлік шикізатынан сығу, шикізатты белгіленген нормаларға дейін қыздыру мен ылғалдату, оны баспақтарға тең мөлшерде бақылау-өлшеу аспаптарының қорытындылары бойынша тасымалдау құрылғылары арқылы беру 3-2) Майды берудің және жомда майдың болуының белгіленген нормаларын

	қызмет көрсетілетін құралдары, шырындар	, сыққыш аппарат, қызмет көрсетілетін құралдары, басқару пульті	қамтамасыз ету, азық-түлік өнімінің сынамаларын іріктеу
			3-3) Қысымды, өнімнің майлануына байланысты температураны, сығу уақытын реттеу, қызмет көрсету жабдығын іске қосу мен тоқтату және жұмыста оның ақауларын жою, мерзімді әрекет ететін баспақтарда шырынды сығудың технологиялық үрдісін жүргізу
4	Майлы дақылдар, май, жомдағы май, шикізат, азық-түлік өнімдері, қызмет көрсетілетін құралдары	Баспақ, құрылым, қызмет көрсетілетін баспақ, бақылау-өлшеу аспаптары	4-1) Түрлі жүйедегі және құрылымдағы мерзімді әрекет ететін баспақтарда майлы тұқымдардан жомды және жоғары сапалы майды алудың технологиялық үрдісін жүргізу, баспақтың тең мөлшерде жүктелуін қамтамасыз ету 4-2) Қызмет көрсетілетін баспақты іске қосу мен жұмысын жөндеу, баспақтауға түсетін шикізатты ұсақтау, ылғалдау, қуыру дәрежесін, май мен жом сапасын және сыртқы түрін бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштері бойынша қадағалау, қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмыс режимін реттеу, баспақтаудың технологиялық режимінен ауытқуларды ескерту және баспақтың жұмысында ақауларды жою

5-кесте. СБШ біліктіліктің 1-деңгейлі азық-түлік өнімін басушы-сығушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жемістерді, көкөністер мен жаңғақтарды өңдеу кезінде орындаған кезде ережелер мен нормалардың сақталуына жауапкершілік, тікелей бақылаумен және (немесе) басшылықпен тапсырманы орындау қажеттілігін түсіну	Көкөністерді өңдеу кезінде стандартты және практикалық міндеттерді шешу және алға қойған қорытындыға жету	Жемістерді сығу аппаратына қосу, айналатын конуста цитрусты жемістерден шырынды сығу ережелерін білу
1-2)	Шырынды толық көлемінде алынуды бақылау қағидаларына жауапкершілікпен карау және түсіну, сығу аппаратын реттеу ережесіне жауапкершілікпен карау және түсіну, қалдықтарды жою ережесіне жауапкершілікпен карау және түсіну	Белгілі бір жағдайдағы стандартты тапсырмаларды шеше білу, сығу аппаратын реттеу кезінде негізгі дағдыны қолдана білу, көкөністерді өңдеу және қалдықтарды жою кезінде стандартты тапсырмаларды орындай білу	Шырынның толық алынуы мен оның ағуын қадағалау ережесі, сығу аппаратын реттеу ережесі, қалдықтарды жою ережелерін білу
2-1)	Жемістер мен жаңғақтарды өңдеу кезінде орындаған кезде ережелер мен нормалардың сақталуына жауапкершілік, тікелей бақылаумен және (немесе) басшылықпен	Көкөністерді өңдеу кезінде стандартты тапсырмаларды шеше	Цитрус жемістерін сығу аппаратына қосу, айналатын конуста цитрусты жемістерден

	тапсырманы орындау қажеттілігін түсіну	білу, айналатын конуста цитрусты жемістерден шырынды сығу дағдыларын білу	шырынды сығу ережелерін білу
2-2)	Шырынды толық сығуын бақылау ережелері мен жауапкершілігін түсіну, жұмыс ережесі шеңберінде жұмыс сапасы мен нәтижесіне жауапкершілік	Күрделі емес практикалық міндеттерді шешу үшін негізгі практикалық дағдыны қолдану	Шырынның толық алынуы мен оның ағуын қадағалау ережелерін білу

6-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі азық-түлік өнімін басушы-сығушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
3-1)	Сығу аппаратын реттеу, қалдықтарды жою ережесіне жауапкершілікпен карау және түсіну, айналатын конусты сұрту және жуу ережелері мен нормаларының сақталуы үшін жеке жауапкершілік	Сығу аппаратын реттеу кезінде негізгі дағдыны қолдану, көкөністер, жемістер мен жанғақтарды өңдеуде стандартты тапсырмаларды орындау, санитарлық ережелерді сақтау	Сығу аппаратын реттеу ережесін білу, қалдықтарды жою ережесін білу, айналатын конусты сұрту және жуу ережесі
3-2)	Азық-түлік шикізаты мен өнімдерінен шырынды сығу технологиялық үдерісі шеңберінде жауапкершілігі, тағамнан шырынды сығу кезінде кәсіби әдістерді қолдану	Көкөністер, жемістер мен жанғақтарды өңдеуде стандартты тапсырмаларды орындау, санитарлық ережелерді сақтау	Түрлі жүйедегі баспақтарда тағам шикізаты мен өнімдерінен шырынды сығу технологиялық үдерісі
3-3)	Жұмыс процесін жоспарлауды қоса алғанда атқарушылық іс-әрекетті түсіну, көкөністерді өңдеу кезінде жұмыс сапасы мен нәтижесіне жауапкершілік	Стандартты және бір үлгілі практикалық міндеттерді шешу және алға қойған қорытындыға жету, күрделі емес практикалық міндеттерді шешу үшін негізгі практикалық дағдыны қолдану	Сүзгілеу матасына қоспаны салу ережесі, баспақты салу ережесі

7-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі азық-түлік өнімін басушы-сығушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
4-1)	Басшылықпен іскери қарым-қатынаста болу және оларға есеп беру, сүзгіш матаны тазалау кезіндегі өз денсаулығы мен қауіпсіздігіне, басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің жауапкершілігі	Көкөністер, жемістер мен жанғақтарды өңдеуде стандартты тапсырмаларды орындау, санитарлық ережелерді сақтау, алға қойылған тапсырмалардың түрлерін анықтау, еңбек құралдары мен заттары	Шырындар мен сұйықтықтарды ыдысқа құю, сүзгіш матаны тазалау ережелерінің білімі, сынақ нәтижелеріне байланысты жұмыс механизмі мен сапасын қадағалау
	Тағам өнімдерінен сынақ алудағы жеке жауапкершілік, алдын ала әзірленген		Түрлі жүйедегі баспақтарда тағам

4-2)	жоспармен, сапа нормалары мен жұмыс атқару кестесімен салыстыра отырып жұмыс барысын қадағалау	Күрделі емес практикалық міндеттерді шешу үшін негізгі практикалық дағдыны қолдану	шикізаты мен өнімдерінен шырынды сығу технологиялық үдерісі
------	--	--	---

Жеміс, көкөніс және жаңғақтарды қайта өңдеу бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8275 Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51-шығарылым, Консервілерді өндіру
БТБА бойынша кәсібі	Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	4

2-кесте. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Цех, өндіріс, комбинат, фабрика, зауыт	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
С Б Ш біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Кәсіби дайындығы болған жағдайда немесе өткен лауазымда кем дегенде 1 жыл жұмыс өтілі болған жағдайда талап етілмейді

3-кесте. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Қызанақ шырыны агрегатында қызанақ шырынын өндіру үрдісін жүргізу, сапаның технологиялық нұсқаулығымен көзделген шикізат желісіне түсуді қамтамасыз ету; қызанақтарды уатқыш бункерлеріне тең мөлшерде түсуін және вакуум-қыздырғышта, экстракторда, қол машинасында жұмысты реттеу, будың вакуум-қыздырғышқа берілуін бақылау және температура мен режимнің берілген параметрлерін ұстау
2	Қызанақ шырыны толық сығылуын және технологиялық нұсқаулықтардың қатаң орындалуын қамтамасыз ету, қызанақ шырынын айдау үшін сорғыны іске қосу мен тоқтату, дайын шырынды өлшеп орау бөлімшесіне уақытылы беруді қамтамасыз ету, қызанақ шырыны агрегатының техникалық жағдайын тексеру, оны жұмысқа дайындау,

жабдыққа бөтен заттардың түсуін, елеуіш сынықтарын және басқа ақаулардың алдын алу, елеуіштерді ауыстыру, агрегат жұмысында анықталған ақауларды жою, бақылау-өлшеу аспаптарының жарамдылығын тексеру

4-кесте. Қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Тұқымдар, қызанақтар, көкөністер, шикізат	Қызанақ шырыны агрегаты, түсу желісі, бункер, вакуум-қыздырғыш жұмысы	1-1) Қызанақ шырыны агрегатында қызанақ шырынын өндіру үрдісін жүргізу, технологиялық нұсқаулығымен көзделген шикізаттың түсуін қамтамасыз ету 1-2) Қызанақтардың бункер-уатқышқа тең мөлшерде түсірілуін және вакуум-қыздырғыш жұмысын реттеу, буды вакуум-қыздырғышқа беруді бақылау және температура мен қысымның берілген параметрлерін ұстау
2	Қызанақ шырыны, дайын шырын, қызанақ шырыны агрегаты, бақылау-өлшеу аспабы	Қолғап, сыққыш аппарат, пульт, өлшеп орау бөлімшесі, құралдар	2-1) Қызанақ шырынының толық сығылуын және технологиялық нұсқаулықтың қатаң орындалуын қамтамасыз ету, қызанақ шырынын айдау үшін сорғыны іске қосу және тоқтату 2-2) Дайын шырынды өлшеп орау бөлімшесіне уақытылы беруді қамтамасыз ету, қызанақ шырыны агрегатының техникалық жағдайын тексеру, оны жұмысқа дайындау, жабдыққа бөтен заттардың түсуін, елеуіштің сынуын, басқа ақаулардың алдын алу, елеуішті ауыстыру, агрегат жұмысында анықталған кемшіліктерді жою, бақылау-өлшеу аспаптарының жарамдылығын тексеру

5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі қызанақ шырыны агрегатының аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Функционалдық міндеттерді орындаған кезде ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шараларын, жеке денсаулығын, сонымен бірге басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің сақталуына жеке жауапкершілік	Қызанақ шырыны агрегатында қызанақ шырынын өндіру кезінде стандартты тапсырмаларды шеше білу, желіге шикізаттың түсу әдістерін таңдау кезінде дағдылары мен қабілеттері	Қызанақ шырыны агрегатында қызанақ шырынын өндіру үрдісін білу, желіге сапа технологиялық нұсқаулығымен көзделген шикізаттың түсуін қамтамасыз ету тәсілдері
		Қызанақтарды уатқыш бункерлеріне және вакуум-қыздырғышқа тең	Уатқыш бункерлеріне және вакуум-қыздырғышқа қызанақтарды тең мөлшерде

1-2)	Буды вакуум-кыздырғышқа беру кезінде ережелерді сақтау жауапкершілігі	мөлшерде қызанақтардың түсу кезінде дағдыларын көрсету, алға қойылған міндеттерді өз бетінше орындау әдістерін анықтау, еңбек құралдары мен заттары, бағалау принциптері, өлшеу тәсілдері	жүктеу ережелерін реттей білу, будың вакуум-кыздырғышқа берілуін бақылау және температура мен режимнің берілген параметрлерін ұстай білу
2-1)	Қызанақ шырынын толық сығуды қадағалау, қызанақ шырынын құюдағы жауапкершілік	Белгілі бір жағдайдағы стандартты тапсырмаларды шеше білу, сорғыны іске қосу және тоқтату ережелерін ұстану	Қызанақ шырынының толық сығылуын және технологиялық нұсқауы, қызанақ шырынын құюдағы іске қосу және тоқтату ережелерін білу
2-2)	Қызанақ шырынын сығу кезінде нәтижеге қол жеткізудегі жауапкершілікті түсіну, ережелер мен нормаларды, қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтаудағы жеке жауапкершілік	Санитарлық ережелерді сақтау, қызанақ шырыны агрегатының техникалық жағдайын тексерер алдында міндеттерді шешу, оны жұмысқа дайындау, көкөністерді қайта өңдеу кезіндегі тапсырмаларды орындау	Дайын шырынды өлшеп орау бөлімшесіне уақытылы беру ережелері, қызанақ шырыны агрегатының техникалық жағдайын тексеру ережелері, оны жұмысқа дайындау, жабдыққа бөтен заттардың түсуін ескерту ережелері, елеуіштің сынуын, басқа ақаулардың алдын алу

